ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2022 жылғы 25 мамыр №5165-22-00-2/650 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ғ.Ә.Бектаев,
сот отырысының хатшысы Ж.Ермекбаеваның қатысуында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Serikbol» - Байбабин Серикбол Жексембаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) Тұрақсыздық сомасын өндіру
2) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
Талап қоюшы өкілі М.Орманов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (ары қарай – ММ) мен дара кәсіпкер (ары қарай - ДК) «Serikbol» - Байбабин Серикбол Жексембаевич арасында 7 дана ноутбук сатып алу бойынша 2021 жылдың 9 желтоқсанында №51 санды мемлекеттік сатып алу келісім шарты жасалған.

Талап қоюшы жауапкерден 15 470 теңге тұрақсыздық сомасын өндіру және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану жайлы талап қойып, оның негізіне соңғы мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден жазбаша түрде қарсы пікір түспеді.

Талап қоюшы өкілі сотта талапты толық қуаттап, талап қоюды онда көрсетілген негіздермен толық қанағаттандыруды сұранды.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 25.05.2022
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2022, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2022
5165-22-3-1/748

Жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады, сотқа талапқа қарсы дәлелдемелерді алып келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан кейін – АПК) 196-бабына сай істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасы азаматтық Кодексінің (әрі қарай-АК) 293-бабына сәйкес тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Сонымен бірге жоғарыда көрсетілген келісім шарттың 7.3-тармағына сәйкес, егер мердігер тауарды жеткізу мерзімін өткізсе, тапсырыс беруші өнім берушіден шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 пайыз тұрақсыздық айыбын өндіреді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспауы тиіс.

Сол себепті талап қоюшы 13 күнге 15 470 теңге тұрақсыздық есептеп, жауапкерден кәсіпорын пайдасына өндіруді сұрайды.

Талап қоюшының есептеген тұрақсыздық көлемі дұрыс, себебі тұрақсыздықтың мөлшері келісім шартқа сай есептелген.

Сондықтан №1 талап орынды болып саналады.

№2 талап бойынша:

АК-ң 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай, міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 25.05.2022
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2022, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2022
5165-22-3-1/748

берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 1-қосымшасына қарағанда жауапкер тауарды шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күнде, яғни 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін жеткізуі тиіс болған.

Сотта нақты анықталғаны жауапкер тауарды бүгінгі күнге дейін жеткізбеген.

Талап қоюшы 2022 жылдың 10 қаңтарында Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап қою берген, соттың 2022 жылғы 15 сәуіріндегі ұйғарымымен талап қою қараусыз қалдырылған, ұйғарым 25 сәуірде талап қоюшыға жолданған. Яғни талап мерзімде берілген.

Осы айтылғандар негізінде №2 талап заңды және негізді.

АПК-ң 109, 117-баптарына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 532 теңге, ал талап қоюшы пайдасына 464 теңге мемлекеттік баж салығын өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШТІ:

«Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-ң талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

ДК «Serikbol» - Байбабин Серикбол Жексембаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК «Serikbol» - Байбабин Серикбол Жексембаевичтан «Созақ ауданының Шолаққорған ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-ң пайдасына 464 (төрт жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

ДК «Serikbol» - Байбабин Серикбол Жексембаевичтан мемлекет пайдасына 15 470 теңге тұрақсыздық сомасы, 1 532 теңге мемлекеттік баж салығы, сонымен барлығы 17 002 (он жеті мың екі) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 25.05.2022
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2022, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2022
5165-22-3-1/748

Судья **Ғ.Ә.Бектаев**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 25.05.2022

Заңды күшіне енген күні: 27.06.2022, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2022

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»